



КОРЕЯ
РЕСПУБЛИКАСЫ

Туы:



Ел таңбасы:



ХАЛҚЫ

Корея Республикасының түпкілікті, әрі негізгі халқы – корейлер. XIX ғасырдың аяғынан бастап бұл жерде он мынан астам қытайлықтар да қоныстанған. 2006 жылғы сарап бойынша Кореядағы қытайлар саны 20 700 адамды құрады. Олардың басым бөлігі Тайвань азаматтары[9]. Соңғы жылдары Кореяда шет ел азаматтарының саны артуда. 2012 жылғы мәліметтерге[10] сәйкес Кореяда 1,4 млн шет ел азаматтары тұрып жатыр. Олардың 293 мыңы елде қысқа мерзімді виза арқылы, 944 мыңы ұзақ мерзімді виза арқылы, ал 188 мыңы тұрғылықты мекен-жайымен тұрып жатыр. Шетелдіктердің жартысынан көбі – Қытай Халық Республикасының азаматтары, оның ішінде үштен бірі – этникалық көрістер.



Қазақстан мен Оңтүстік Корея қарым-қатынасы:

Қазақстан мен Корея арасындағы дипломатиялық байланыс 1992 жылдың қаңтарында орнаған. 2008 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Корея арасындағы екіжақты сауда айналымы 750 млн АҚШ долларынан асады. 1993 және 2008 жылдар аралығында Кореядан Қазақстанға салынған тікелей инвестициялардың жиынтығы 3 млрд. долларды құрады. Қазақстанда 300-ге тарта бірлескен қазақ-корей кәсіпорындары жұмыс істейді. Қазақстанда 2011 жыл - Оңтүстік Корея жылы болып жарияланған.



Корей атауы "**коре**" деп аталынған орта ғасырлық мемлекеттің атынан пайда болған екен. Егер "Чосон" деген сөздің иероглифтік жазбасының аудармасына көңіл бөлсек, онда "коре"—"Таң самалы елі" деген ұғымды білдіреді Жалпы бұл атау Корей құл иеленушілік мемлекеті болып тұрғанға дейін өмір сүрген Корей — өзіндік тарихы мен бай мәдениеті бар ежелгі ел. Алайда ол қазір екі мемлекетке бөлініп отыр. Кореилер негізінен ауыл шаруашылық кәсібімен айналысады. Сол себепті бұл халық отырықшылық жағдайда өмір сүрді. Теңіз жағалауын мекендеушілер балық аулау ісімен шұғыдданса, таулы жердегі тұрғындар аңшылық пен жабайы шөптерді жинауды кәсіп етті. Корейлердің ұлттық тұрғын үйлері де ерекше. Көбінесе бір қабатты және бір-біріне жалғастырыла салына береді. Атап айтарлық жәйт, олар "жылы еден жүйесін" пайдаланады. Еденің астыңғы жағынан түтін жүретін бірнеше жол жасалынып, сол арқылы жағылған оттан жылу тартылады Еденге сабаннан тоқылған майлы қалың қағаз төселіп, сабаннан тоқылған бұйым жабылады. Корейлер тұрғын үйін өте таза ұстайды. Аяқ киімдерін үйге кіре берісте, табалдырық жанында шешеді. Корейлер жылытылған еден үстінде отырып тамақ ішеді, үй шаруасын тындырады, ұйықтайды. Ұйықтайтын бөлмеде мақта салып сырыған жұқа көрпе, кесте немесе шілтері бар жастықты пайдаланады. Кейін оларды сандықтың үстіне жинап қояды Бөлмеде киім ілетін және ыдыс-аяқ қойылатын шкаф, газет журналға арналған аласа үлдірік (этажерка) тұрады.



Сәлемдесу ерекшеліктері



Ерлер киімі — кең пішілген кеудеше, кең балақты шалбар. Костюм әдетте ақ матадан (қыста мақта салышып) тігіледі. Шалбар белінен оралады, қызыл асықтан тоқыма баумен байланып, ақ шұлыққа сұғындырылып қойылады. Әйелдер киімі жіңішке ұзын жеңі бар кофтадан, белін жалпақ белбеумен байлап қоятын кең етегі тігілген юбкадан тұрады. Балалар киімдері де пішілуі мен тігілуі жөнінен үлкендердің киімінен көп ерекшеленбейді. Ұлттық киім үлгілері осы уақытқа дейін бастапқы қалпын сақтап келеді. Әйелдері мереке күндері киетін киімдердің бояуының түрлі-түсті болуына мән берген. Қыз балалардың мерекелік киімі қызыл түсті юбка және ашық қызғылт түсті кофтадан тұрады. Дегенімен қазіргі кезде киімдердің аталған үлгіде болуы міндетті саналмай, бүгінгі өмірге бейімделген. Бір аңғаратын жәй — корейлер жұмысқа европалық үлгідегі киімдерді киеді.



Корейліктердің ежелгі наным-сенімдерінің бірі Алтай мен Сібірден неолит кезеңінде келушілер алып келген шаманизм. Шаманизмнің біраз өзгерген түрі бүгінгі күнге дейін сақталып қалған. Қазіргі Кореяда бірнеше ондаған мың мұдан-шамандар бар. Досизм де Кореяда ежелгі заманда пайда болған. Бірақ бұл діни-дүниетанымдық ағым айқын ұйымдастырылып рәсімделген жоқ, сонда да оның әсері күні бүгінге дейін тән мен жанның саулығы, мәңгі өмірге ұмтылыс, ұзақ өмір мен бақыт тілеуде байқалады. Қазақстандағы корей диаспорасының басқа этностардан айырмашылығы өздерінің тарихи отанына көшіп кетушілердің жоқтығы болып табылады. Жас корейліктердің аз бөлігі ғана Корея Республикасына оқуға немес жұмыс істеуге уақытша кетіп жатыр. Ал тұрақты өмір сүруге тек қана бірнеше ондаған адамдар кетіп жатыр.



Корейліктердің дәстүрлі шаруашылығы жер жырту, өңдеу, өсіретін басты дәнді дақылдары-күріш болып табылады. Техникалық мәдени дақылдар- мақта, сора, темекі, женшень, кунжут және т.б. Қауын, қарбыз және т.б жеміс-жидектер өсірген. Ауыл шаруашылығының ежелгі саласының бірі- жібек өсіру. Жағалауға жақын жерлерде балық аулау, теңіз аңдарын аулау және балдырлар жинау дамыған.

Дәстүрлі қолөнері – қыш өндіру, лак бұйымдары, сабаннан тоқу және т.б жатады. Қазақстанның ауылдық жерінде тұратын корейліктердің тұрғын үйі дәстүрлі және ортаазиялық құрылыс элементтерінің жиынтығын көрсетеді. Үйлері көбінесе саз балшықты қабырғалардан немесе саман кірпішінен жасалған қабырғалардан тұрғызылады. Қазақстанға келгенге дейін бұндай үй құрылыстары болған жоқ, себебі, корейлердің дәстүрлі тұрғын үйлері, қаңқа бағаналы құрылыстар жатады. Корейлердің дәстүрлі жылыту жүйесі кудур немесе ондаль ұлттың өзіне тән ерекшеліктерімен белгілі болды. Оның мәні от жағатын жерден құбырларға өтетін түтін шығару жүйесінде болды.

Қазіргі корейліктер де олардың ата-бабалары сияқты некеге тұруға ерекше мән береді. Бұл адамның өміріндегі төрт басты оқиғаның бірі және салтанатты түрде өткізіліп, оған барлық руластарының назары аударылады. Неке алдында құда түсу рәсімі өтеді. Күйеу жігіт руластарының ішіндегі үлкендері - әкесі, үлкен ағасы, кейбір жағдайда ғана күйеу жігіттің анасы құда бола алады. Қалыңдықтың ата-анасының келісімін, екі жақ ченчи – некелестіру рәсімін өткізуге келіседі, некелесуді толығымен күйеу жігіт қаржыландырады, бірақ ол қалыңдықтың үйінде өтеді. Ченчи рәсіміне күйеу жігіт пен қалыңдықтың жақын туыстары мен достары шақырылады. Қалыңдықтың туыстарына ерлі-зайыптылар арасындағы адалдықтың белгісі ретінде – қаз, күріштің желімді сортынан жасалған ерекше нан – чалпыпэги, сонымен қатар ақ күріш шелпектер – тимпени ұсыну міндетті болып есептеледі.



Корейліктердің дәстүрлі тағамдары өсімдік тағамдар – жарма мен көкөністен жасалған тағамдар басым болып табылады. Корейліктердің тағамдары Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азияның көптеген басқа халықтары сияқты күріш басым өнімді құрайды, күріштен (пап, паби) буға тұзсыз пісірілген ботқалар пісіріледі.



Қазіргі корейлердің кулинариясында папты дайындаудың шамамен 40 түрлі әдісі бар және олардың атауы да тиісінше әртүрлі. Корейліктердің тағамдарының ішіндегі куксу, үзбе кеспе сучэби тағамдары негізгі тағамдар болып табылады. Оны бидай, жүгері, қара құмық және картоп ұнынан әзірленеді. Куксуды ұсақтап турап бұқтырылған етпен, көкөніспен, қызыл үгітілген бұрышпен суытылған немесе ыстық сорпамен қоса береді. Қосымша тағамға көже, тұздықты сорпа, қайнатпа, қою ет (балық) сорпасы, кимчхи, көкөніс салаты, майға бұқтырылған және қуырылған ет (балық), қақталған ет (балық), теңіз өнімдері (моллюскілер, трепангілері) тағамдар. Шалғам, орамжапырақ, сәбіз, қияр, пияз, баклажан, картоптан дәмдеуіштер қосылған көкөністер, туралған көкөністер мен шөптерден жасалған салаттар чхэ салаттар дайындалады. Ет тағамдарынан сиыр, шошқа, тауық еттері көп қолданылады. Ет пен балықты шикі (хвэ), тұздалған, маринадталған, қақталған, бұқтырылған, қуырылған күйінде тамаққа пайдаланады. Корейліктердің тамақтарында бұршақ тұқымдас: соя, жасыл бұршақ және фасоль ерекше орын алады. Соядан корейліктер соя сүтін, соя ірімшігін, соя пастасын және соя тұздығын алады. Сусындардың ішінен күріш арағының түрлі сорттарын, брага, сонымен қатар лимон мен жеміс –жидектен, жаңғақ, зімбір, кептірілген құрма, корица және бал қосылған бал қарағай жаңғағынан жасалған әр түрлі сусындарды айтуға болады.

Кореядағы танымал пластикалық ота жасау түрлері

